Медициналық бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

1. Медициналық бұйымның атауы

TECNIS Odyssey™ интраокулярлы линзасы TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесімен, DRN00V моделі.

2. Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

TECNIS Odyssey™ интраокулярлы линзасы TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесімен, DRN00V моделі, ультракүлгін (УК) және күлгін жарықты сүзгілейтін, көздің артқы камерасына имплантацияланатын интраокулярлық линза (ИОЛ) — TECNIS Odyssey™ IOL линзасын қамтиды. Бұл ИОЛ алыс, орташа және жақын қашықтықтарды қоса алғанда, қашықтықтардың бүкіл ауқымында жоғары сапалы үздіксіз көру өрісін қамтамасыз етуге және көзілдірікке тәуелділікті азайтуға арналған. ИОЛ көз бұршағының капсуласына орналастырылып, онда көздің табиғи бұршағының оптикалық қызметін атқаруға арналған. ИОЛ линзасының екі жағы дөңес оптикалық бөлігі UVAM (ультракүлгін сәулені сіңіретін қосымша материал) қосылған жұмсақ акрилді материалдан және күлгін спектрдің толқын ұзындықтарындағы жарықтың өтуін азайтатын, күлгін сәулені сүзгілейтін патенттелген хромофордан жасалған.

ИОЛ-да толқындық шектік технологиясын қолдану арқылы әзірленген патенттелген асфералық оптикалық бөлік пайдаланылады. Төртбұрышты артқы жиек 360 градустық бөгетті қамтамасыз етеді. Оптикалық аймақтың жиегі ықтимал шеттік жарқылдарды азайту үшін күңгірттелген. ИОЛ-дың артқы оптикалық бөлігінде контрастылы сезімталдықты жақсарту үшін хроматикалық аберрацияны түзетуге мүмкіндік беретін және қашықтықтардың бүкіл ауқымында жоғары сапалы көру өрісін қамтамасыз ететін патенттелген ахроматикалық дифракциялық бет бар. Бұл ИОЛ-дың дифракциялық беті барлық қашықтықтарда көру өткірлігінің жоғары мәндеріне қол жеткізуге және алыстан жақынға дейінгі қашықтықтар ауқымында үздіксіз көру өрісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде көзілдірікке тәуелділік азаяды. Бұл ИОЛ-дың тиімділігі кез келген жарықтандыру жағдайында қарашық өлшеміне тәуелді емес. Бұл ретте аккомодация қабілеті қалпына келмейді.

TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесі (жеткізу жүйесі) ИОЛ-ды көзге енгізудің стерильді, бақыланатын және жанаспайтын тәсілін қамтамасыз етеді. ИОЛ жеткізу жүйесіне алдын ала жүктеледі және жеткізу жүйесінде жинақталады. Бұл линзаны алдын ала жүктеу көзделмеген құрылғымен салыстырғанда ИОЛ-ды көзге енгізуге дайындауды жеделдетеді. Жеткізу жүйесі бар ИОЛ диоптриялардың толық ауқымында (+5,0 дптр-ден +34,0 дптр-ге дейін) қолжетімді және микрокесу хирургиялық әдістермен

үйлесімді. Картридж жабынында қолданылатын натрий гиалуронаты (HA) микробиологиялық ферментация әдісімен алынады.

Бұйымның толық сипаттамасы

DRN00V моделіндегі TECNIS Odyssey™ IOL with TECNIS SIMPLICITY™ Delivery System жалпы диаметрі 13,0 мм және оптикалық бөлігінің диаметрі 6,0 мм болатын, көздің артқы камерасына имплантацияланатын монолитті жиналмалы TECNIS Odyssey™ IOL линзасын қамтиды. Оптикалық бөлік пен гаптикалық элементтер UVAM (ультракүлгін сәулені сіңіретін қосымша материал) және күлгін спектр толқын ұзындықтарындағы жарықтың өтуін азайтатын, күлгін сәулені сүзгілейтін патенттелген хромофор қосылған SENSAR-UV2 жұмсақ гидрофобты акрилді материалынан жасалған. ИОЛ-да мөлдірқабықтың сфералық аберрациясын өтейтін, толқындық шектік технологиясын қолдану арқылы әзірленген оптикалық бөліктің патенттелген асфералық алдыңғы беті пайдаланылады. Оптикалық аймақтың төртбұрышты артқы жиегі 360 градустық бөгетті қамтамасыз етеді. Оптикалық аймақтың жиегі ықтимал шеттік жарқылдарды азайту үшін күңгірттелген. ИОЛ-дың артқы оптикалық бөлігінде контрастылы сезімталдықты жақсарту үшін хроматикалық аберрацияны түзетуге мүмкіндік беретін патенттелген ахроматикалық дифракциялық бет бар. Патенттелген артқы дифракциялық бет барлық қашықтықтарда көру өткірлігінің жоғары мәндеріне қол жеткізуге және алыстан жақынға дейінгі қашықтықтар ауқымында үздіксіз көру өрісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде көзілдірікке тәуелділік азаяды. Бұл ИОЛ-дың тиімділігі кез келген жарықтандыру жағдайында қарашық өлшеміне тәуелді емес.

Монолитті линза материалы

UVAM және күлгін сәулені сүзгілейтін патенттелген хромофор қосылған жұмсақ, жиналмалы гидрофобты акрил.

Линзаның оптикалық бөлігі

1. Оптикалық күші: +5,0-ден +34,0 диоптрияға дейін, 0,5 диоптрия қадамымен.

2. Оптикалық бөліктің ортасындағы қалыңдығы: 0,7 мм (+20,0 дптр).

3. Оптикалық аймақ жиегінің конфигурациясы: төртбұрышты PROTEC 360 артқы жиегі.

4. Сыну көрсеткіші: 35 °C (95 °F) температурада 1,47.

5. Жарық өткізуі: +5,0 диоптриялық линза (ең аз қалыңдық), +20,0 диоптриялық линза (орташа қалыңдық) және +34,0 диоптриялық линза (ең үлкен қалыңдық) үшін 10 % өткізу коэффициенті (T) кезіндегі ультракүлгін сәулеленудің спектрлік өткізу қисықтары **1-суретте (Figure 1)** көрсетілген.

Гаптикалық элементтер

1. Конфигурациясы: TRI-FIX дизайны, C модификациясы, оптикалық бөлікпен біртұтасты құрайды.

2. Гаптикалық элементтердің қалыңдығы: 0,46 мм.

Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы (белгіленуі)
RTD0001- Техникалық құжаттама

3. Пайдаланушыны көрсете отырып, медициналық бұйымның қолданылу саласы мен тағайындалуы

Қолданылу саласы
Офтальмология
Болжамды пайдаланушы
Бұйым офтальмохирургтардың пайдалануына арналған.
Пациенттердің мақсатты тобы
Табиғи көз бұршағын алып тастағаннан кейін афакиясы бар ересек пациенттер.
Жүргізілген клиникалық зерттеулерге жүкті және бала емізетін әйелдер қатыспаған.

Қарастырылған қолдануы / тағайындалуы
TECNIS Odyssey™ IOL линзасы табиғи көз бұршағын алып тастағаннан кейінгі афакияны түзетуге арналған.

Қолданылуы
TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесі катарактаға шалдыққан көз бұршағын экстракапсулалық экстракция әдісімен алып, нәтижесінде афакиясы бар ересек пациенттерде, оның ішінде пресбиопиямен қатар жүрген жағдайда, көру қабілетін түзету мақсатында, сондай-ақ жақын, орташа және алыс қашықтықтарды қоса алғанда, қашықтықтардың үздіксіз ауқымында қолайлы көруді және көзілдірікке тәуелділіктің азаюын қажет ететін пресбиопиясы бар ересектерде рефракциялық ленсэктомиядан кейінгі афакия кезінде көру қабілетін түзету мақсатында бастапқы имплантацияға арналған TECNIS Odyssey™ IOL линзасын бүктеуге және көзге енгізуге көмектеседі. Бұл ИОЛ тек капсулалық қапшыққа орналастыруға арналған.

4. **Медициналық бұйымды пайдалану кезіндегі сақтық (қауіпсіздік) шаралары мен шектеулер жөніндегі ақпарат:**

Сақтық шаралары
1. Бұл — бір рет қолданылатын бұйым; ИОЛ-ды немесе жеткізу жүйесін қайта стерилизацияламаңыз және автоклавтамаңыз. Көптеген стерилизаторлар ИОЛ-дың жұмсақ акрил материалын және/немесе жеткізу жүйесін жағымсыз жанама әсерлердің туындау қаупінсіз стерилизациялауға бейімделмеген.

2. Бұйымды тікелей күн сәулесінің астында, сондай-ақ 5 °C-ден (41 °F) төмен немесе 35 °C-ден (95 °F) жоғары температурада сақтамаңыз.
3. ИОЛ-ды имплантациялау үшін ұсынылатын бөлме температурасы кемінде 17 °C (63 °F) болуы тиіс.
4. Қаптама мөрленген және зақымдалмаған болса, ішіндегісі стерильді.
5. Жеткізу жүйесі құлап кетсе немесе тасымалдау қорабынан шығарылғаннан кейін оның қандай да бір бөлігі кездейсоқ соққыға ұшыраса, бұйымды пайдаланбаңыз. Жеткізу жүйесінің және/немесе ИОЛ-дың стерильдігі бұзылуы мүмкін.
6. ИОЛ имплантацияланған пациенттерде инфрақызыл сәулені пайдаланатын авторефрактометрлердің немесе толқындық фронт аберрометрлерінің көмегімен рефракцияны өлшегенде, сондай-ақ дуохромдық тест жүргізгенде нәтижелерді сақтықпен түсіндіріңіз.
Рефракция мәнін «максималды плюс» әдісімен манифестік рефракцияны анықтау арқылы растау қатаң ұсынылады.
7. Бұл ИОЛ-дың оптикалық бөлігінің құрылысы көзді емдеудің кейбір процедураларын (мысалы, торқабықтың фотокоагуляциясын) жүргізу мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.
8. Жанаспалы линзаларды жақында қолдану пациентің рефракциясына әсер етуі мүмкін. Сондықтан жанаспалы линзаларды пайдаланатын пациенттерде ИОЛ оптикалық күшін анықтар алдында хирург жанаспалы линзаларсыз мөлдірқабықтың тұрақтылығына көз жеткізуі тиіс.
9. Операция алдында хирург ықтимал пациентке бұйымды қолдануға байланысты ықтимал қауіптер мен пайда туралы ақпарат беруі тиіс.
10. Клиникалық зерттеулер шеңберінде бұл бұйымды 21 жасқа толмаған пациенттерде қолданудың қауіпсіздігі мен тиімділігі тексерілмеген.
11. Жеткізу жүйесін қолданғанда теңдестірілген тұз ерітіндісін немесе офтальмологиялық вискохирургиялық бұйымдарды (OVD) пайдалану қажет. OVD қолданғанда оңтайлы жұмыс істеу үшін HEALON™ тобының OVD өнімдерін пайдаланыңыз. Қоспалары бар теңдестірілген тұз ерітіндісін бұл бұйыммен қолдану зерттелмеген.
12. Имплантацияға дайындық аяқталғанға дейін ИОЛ-ды жеткізу жүйесінде алға жылжытпаңыз.
13. ИОЛ-ды бүктелген күйде 10 минуттан артық қалдырмаңыз.
14. Жеткізу жүйесі дұрыс пайдаланылмаса, ИОЛ-ды көзделгендей енгізу мүмкін болмайды (гаптикалық элементтер зақымдалуы мүмкін). Қолдану жөніндегі нұсқаулықтың тиісті бөлімін қараңыз.
15. Хирург эмметропияға қол жеткізуге ұмтылуы тиіс, өйткені бұл ИОЛ оңтайлы көру қабілетін дәл эмметропия кезінде қамтамасыз етеді.
16. ИОЛ-ды дәл орталықтандыру қажет, өйткені ИОЛ орталығының ығысуы белгілі бір жарықтандыру жағдайларында пациентте көру бұзылыстарын тудыруы мүмкін.

17. ИОЛ имплантациясынан кейін пациенттер ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде бақылау тексерулерінен өтуі тиіс.
18. Глаукомасы бар пациенттерде имплантациядан кейін операциядан кейінгі өзгерістерді анықтау үшін көз ішілік қысымды мұқият бақылау қажет.

Ескертулер

1. Төменде көрсетілген жағдайлардың кез келгені болғанда дәрігерлер ИОЛ имплантациясының ықтимал қауіп–пайда арақатынасын бағалауы тиіс. Бұл жағдайлардағы имплантация қаупі ИОЛ конструкциясымен байланысты емес, жалпы катаракта хирургиясына және/немесе ИОЛ имплантациясына қатысты.
    a. Көздің алдыңғы немесе артқы сегментінің қайталанатын ауыр қабынуы, этиологиясы белгісіз увеиті немесе көзде қабыну реакциясын тудыратын кез келген ауруы бар пациенттер.
    b. ИОЛ артқы сегмент ауруларын бақылау, диагностикалау немесе емдеу мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін пациенттер.
    c. Катарактаны экстракциялау және/немесе ИОЛ имплантациясы кезінде асқыну қаупін арттыруы мүмкін хирургиялық қиындықтар (мысалы, тоқтамайтын қан кету, нұрлы қабықтың айтарлықтай зақымдануы, бақыланбайтын оң қысым, шыны тәрізді дененің айқын пролапсы немесе жоғалуы).
    d. Бұрынғы жарақаттан кейінгі көз зақымдануы немесе ИОЛ-ды дұрыс ұстап тұру мүмкін болмайтын даму ақауы.
    e. Имплантация кезінде эндотелийдің зақымдануына әкелетін жағдайлар.
    f. Микробтық инфекцияға күдік.
    g. Артқы капсуласы да, зонулалар да ИОЛ-ды ұстап тұра алмайтындай зақымданған пациенттер.
    h. Туа біткен екі жақты катаракта.
    i. Анамнезінде торқабықтың ажырауы болған немесе оған бейімділігі бар пациенттер.
    j. Тек бір көзінің көру қабілеті жақсы болуы мүмкін пациенттер.
    k. Дәрі-дәрмекпен бақыланбайтын глаукома.
    l. Мөлдірқабық эндотелийінің дистрофиясы.
    m. Пролиферативті диабеттік ретинопатия.
    n. ИОЛ 2 жасқа толмаған балаларда қолданылмайды.
2. ИОЛ-ды толығымен капсулалық қапқа орналастыру қажет. ИОЛ-ды цилиарлық жүлгеге орналастырмаңыз.
3. Пациенттерге ықтимал көру бұзылыстары туралы ақпарат беру қажет.
4. Бұл ИОЛ-ды операциядан кейінгі болжамды астигматизмі 1,0 диоптриядан жоғары пациенттерде қолдану бағаланбаған.
5. Пресбиопияны түзететін ИОЛ-дар белгілі бір жағдайларда асфералық монофокалды ИОЛ-дармен салыстырғанда контрастылы сезімталдықты

төмендетуі мүмкін. Дәрігер әрбір жеке пациент үшін ықтимал қауіптер мен пайданы мұқият бағалап, ИОЛ-ды имплантациялау алдында контрастылы сезімталдықтың ықтимал төмендеуі туралы пациентке толық ақпарат беруі тиіс. Қазіргі кезде немесе болашақта көру өткірлігінің немесе контрастылы сезімталдықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін макулярлық патологиясы, амблиопиясы, мөлдірқабық деформациясы немесе басқа да көз аурулары бар пациенттерде ИОЛ-ды имплантациялау алдында ықтимал көру проблемаларына ерекше назар аудару қажет.

6. Пресбиопияны түзететін ИОЛ-дар монофокалды ИОЛ-дармен салыстырғанда контрастылы сезімталдықты төмендетуі мүмкін болғандықтан, ИОЛ имплантацияланған пациенттерге түнде немесе көріну нашар болған жағдайда көлік жүргізгенде ерекше сақтық қажет екені туралы ақпарат беру маңызды.

7. Фокусталған және фокусталмаған кескіндердің қабаттасуына байланысты пресбиопияны түзететін ИОЛ-мен байланысты кейбір көру әсерлері күтіледі. Оларға түнгі уақытта жарық көздерінің айналасында гало (немесе ореол) әсерін көру жатады. Пациенттердің аз бөлігінде мұндай құбылыстардың байқалуы тітіркену тудыруы және, әсіресе жарық аз жағдайда, кедергі ретінде қабылдануы мүмкін. Сирек жағдайларда бұл көру әсерлері соншалықты айқын болып, пациенттің ИОЛ-ды алып тастауды талап етуіне әкелуі мүмкін.

8. Жеткізу жүйесін немесе оның қандай да бір компонентін бөлшектеуге, модификациялауға немесе өзгертуге тыйым салынады, өйткені бұл олардың жұмыс істеуіне және/немесе конструкцияның құрылымдық тұтастығына теріс әсер етуі мүмкін.

9. Картридж ұштығы жарылған немесе сынған болса, жүйені пайдаланбаңыз.

10. Өзекшенің ұшы ИОЛ-ды алға жылжытпаса немесе ИОЛ жеткізу жүйесінде тұрып қалса, оны имплантациялауға тыйым салынады.

11. ИОЛ-ды бастапқы жылжыту кезінде плунжердің қозғалысын тоқтатуға, оның бағытын кері өзгертуге немесе оны тым баяу (мысалы, 1 секундтан ұзақ) жылжытуға тыйым салынады **(4-сурет (Figure 4)).** Бұл талапты сақтамау ИОЛ-дың дұрыс бүктелмеуіне әкелуі мүмкін.

12. Жүйе толық ылғалдандырылғанға дейін ИОЛ-ды ұстап тұру күйінен (6-сурет (Figure 6)) жылжытпаңыз. Жүйені толық ылғалдандыру үшін ұстап тұру күйін кемінде 1 минут сақтау қажет, бұл ИОЛ-дың кептеліп қалуына және онда сызаттар немесе жарықтар пайда болуына жол бермейді.

13. ИОЛ имплантацияға толық дайын болғанға дейін оны ұстап тұру күйінен жылжытпаңыз. Енгізу кезінде әрекетті үзу ИОЛ-да сызаттар немесе жарықтар пайда болуына не оның картриджде кептеліп қалуына әкелуі мүмкін. Егер ИОЛ ұстап тұру күйінен жылжытылғаннан кейін 60 секунд ішінде орнатылмаса, бұйымды кәдеге жаратыңыз.

14. Егер ИОЛ картридж ішінде 10 минуттан ұзақ бүктелген күйде қалса, ИОЛ мен жеткізу жүйесін кәдеге жарату қажет. Бұл талапты сақтамау ИОЛ-дың картриджде кептеліп қалуына әкелуі мүмкін.
15. Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының бір рет қолданылатын медициналық бұйымдары бұйымға, пациентке немесе пайдаланушыға теріс әсер етуі мүмкін жағдайлардың ықпалын азайтуға арналған пайдалану және олармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтармен бірге жеткізіледі. Нұсқаулыққа сәйкес қолданылған жағдайда жеткізу жүйесі микробтық ластануға байланысты инфекция және/немесе қабыну қаупін азайтады. Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының бір рет қолданылатын медициналық бұйымдарын қайта пайдалану, қайта стерильдеу немесе қайта өңдеу олардың механикалық зақымдануына және/немесе дұрыс жұмыс істемеуіне, сондай-ақ бұйымның микробтық ластануынан, инфекцияның берілуінен және бұйымның стерильділігінің жеткіліксіздігінен туындайтын инфекция, қабыну және/немесе ауру салдарынан пациенттің денсаулығына зиян келуіне немесе жарақат алуына әкелуі мүмкін.

Жағымсыз құбылыстар / жағымсыз жанама әсерлер

Төменде табиғи көз бұршағын ИОЛ имплантациясымен табиғи көз бұршағын алып тастау кезінде немесе одан кейін туындауы мүмкін жағымсыз құбылыстардың толық емес тізімі келтірілген.
1. Эндофтальмит, көз ішілік инфекция.
2. Гипопион.
3. Гифема.
4. ИОЛ-дың ығысуы.
5. Тұрақты кистозды макулярлық ісіну.
6. Қарашық блогы.
7. Торқабықтың ажырауы/жыртылуы.
8. Мөлдірқабық стромасының тұрақты ісінуі.
9. Тұрақты ирит.
10. Емдеуді қажет ететін көзішілік қысымның (КІҚ) тұрақты жоғарылауы.
11. Қайталама хирургиялық араласу (оның ішінде имплантаттың орнын өзгерту немесе оны алып тастау, алдыңғы камераны дренаждау және өзге де хирургиялық процедуралар).
12. Көру қабілетінің қайтымсыз бұзылуына әкелетін немесе көру қабілетінің қайтымсыз бұзылуын болдырмау үшін хирургиялық не өзге медициналық араласуды қажет ететін кез келген басқа жағымсыз құбылыс.

5. Қолдануға болмайтын жағдайлар

Анықталмаған.

6. Медициналық бұйымды сақтау мерзімі мен шарттары туралы ақпарат

Бұйымның қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі - бұл стерильділіктің кепілдік мерзімі өткен күн. Стерильділік мерзімі өткен көрсетілген күннен кейін жеткізу жүйесін пайдалануға немесе линзаны имплантациялауға тыйым салынады.

7. Медициналық бұйымның дұрыс орнатылуын және оның тағайындалуы бойынша қауіпсіз жұмысқа дайындығын тексеру үшін қажетті ақпарат

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

1. Ашар алдында сыртқы қорапты және индикаторлық пломбаны зақымдану белгілерінің бар-жоғына тексеріңіз. Қаптама зақымдалған болса, пайдаланбаңыз.
2. Сыртқы қорапты ашар алдында заттаңбада көрсетілген линзаның үлгі нөмірін, оптикалық күшін, конфигурациясын және жарамдылық мерзімін тексеріңіз.
3. Индикаторлық пломбаны сындырып, қорғаныш пакетті алыңыз.
4. TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесінің сыртқы қорабын ашқаннан кейін бұйым қаптамасын зақымдану белгілерінің бар-жоғына тексеріңіз және бұйымдағы ақпараттың (линза үлгісі, оптикалық күш және сериялық нөмір) сыртқы қорап заттаңбасындағы ақпаратқа сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
5. Қорғаныш пакетті ашып, жеткізу жүйесі орналасқан астаушаны шығарыңыз. Астаушаны стерильді ортаға қойыңыз. Пакет зақымдалған немесе оның герметикалығы бұзылған болса, бұйымды пайдаланбаңыз. Бұйымда қандай да бір ақаулар болса, басқа TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесін пайдаланыңыз.
6. Ылғалдандыру үшін канюляның көмегімен теңдестірілген тұз ерітіндісін немесе OVD қолданыңыз. Канюляны бұйымның ылғалдандыру саңылауына енгізіп, линза контейнерін толтырмай, картриджді оның ұшынан ылғалдандыру саңылауына дейін толық толтырыңыз **(2 және 3-суреттер (Figures 2 & 3)).** Аяқтағаннан кейін 7-қадамға өтіңіз.
7. TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесін астаушадан абайлап шығарыңыз. TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесін шығарған кезде жүйе ұштығына тимеңіз, өйткені бұл оның зақымдануына әкелуі мүмкін. Ұштықтың зақымданбағанына көз жеткізу үшін оны тексеріңіз.

8. Плунжерді бұрандаға тірелгенше үздіксіз қозғалыспен жылдам (мысалы, 1 секундтан аз уақытта) алға жылжытыңыз **(4-сурет (Figure 4)).** Плунжердің қозғалысын тоқтатуға немесе оның бағытын кері өзгертуге тыйым салынады.
9. Линзаны **дұрыс** ұстап тұру күйіне **(6-сурет (Figure 6))** орнату үшін тұтқаны сағат тілі бағытымен **жарты айналымға бұрыңыз (5-сурет (Figure 5)).** Ұстап тұрудың әдеттегі **қате күйінің үлгісі 7-суретте (Figure 7)** көрсетілген. Жүйенің ылғалдануын қамтамасыз ету және линзаның кептеліп қалуына, онда сызаттар немесе жарықтар пайда болуына жол бермеу үшін линзаны ұстап тұру күйінде кемінде 1 минут ұстаңыз. Гаптикалық элементтердің босап шығу уақытын барынша қысқарту үшін кемінде 3 минут ұсынылады. 10 минуттан артық қалдырылған құрылғыны пайдалануға тыйым салынады. Имплантацияға дайындық аяқталғанға дейін плунжерді алға жылжытуға тыйым салынады.
10. Линзаны имплантациялауды TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесінің ұшын тілікке оның қиғаш жағын төмен қаратып енгізуден бастаңыз. Плунжер тұтқасын сағат тілі бағытымен бұрап, линза жеткізу жүйесінің ұшынан толық босап шыққанға дейін оны тоқтаусыз, үздіксіз және бірқалыпты алға жылжытыңыз. Егер линза ұстап тұру күйінен жылжытылып, 60 секунд ішінде орнатылмаса, бұйымды утилизациялаңыз.
11. Плунжерді сағат тіліне қарсы бағытта бұра отырып, баяу кері тартыңыз.
12. Бұйымды утилизациялаңыз. TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесін қайта пайдалануға тыйым салынады.

Назар аударыңыз!

Қаптама зақымдалған болса, бұйымды пайдаланбаңыз. Мұндай бұйымның стерильдігі бұзылуы мүмкін.

Линзаның оптикалық күшін есептеу

Көру қабілетін сәтті қалпына келтіру үшін көздің кератометриялық және биометриялық параметрлерін дәл өлшеу қажет. Көздің артқы камерасына имплантацияланатын осы ИОЛ үшін қажетті линзаның оптикалық күшін операцияға дейін хирургтің тәжірибесіне, оның қалауларына және ИОЛ-ды орналастыру ерекшеліктеріне сүйене отырып есептеу қажет. Эмметропияға қол жеткізуге ұмтылу керек.

ИОЛ оптикалық күшін есептеу дәлдігі әсіресе маңызды, өйткені ИОЛ-ды имплантациялаудың мақсаты — көзілдірікке тәуелділікті жою. Оптикалық биометриялық және ультрадыбыстық биометриялық параметрлер үшін А-константаларының болжамды мәндері (suggested A-constant Optical Biometry and Ultrasound Biometry) қорап заттаңбасында ұсынылған ретінде берілген және имплантаттың оптикалық күшін есептеудің бастапқы нүктесі болып табылады. Операция алдында дәрігер имплантацияланатын ИОЛ-дың оптикалық күшін анықтауы тиіс.

ИОЛ оптикалық күшін есептеу туралы қосымша ақпарат қажет дәрігерлер Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының жергілікті өкілдігіне

жүгіне алады. ИОЛ оптикалық күшін есептеу әдістері төменде көрсетілген жарияланымдарда сипатталған:
1. Haigis W., “The Haigis formula”. In: Shammas HJ, ed, Intraocular Lens Power Calculations. Thorofare, NJ, Slack, 2004; 41-57.
2. Hoffer K.J., “The Hoffer Q formula: a comparison of theoretic and regression formulas”, J Cataract Refract Surg, 19, 700-712 (1993). Erratum in: J Cataract Refract Surg 1994;20:677. Erratum in: J Cataract Refract Surg 2007;33:2-3.
3. Holladay J.T., Prager T.C., Chandler T.Y., Musgrove K.H., Lewis J.W. and Ruiz R.S., “A three-part system for refining intraocular lens power calculations”, J Cataract Refract Surg. 14,17-24 (1988).
4. Retzlaff J.A, Sanders D.R. and Kraff M.C., “Development of the SRK/T intraocular lens implant power calculation formula”, J Cataract Refract Surg. 16, 333-340 (1990). Erratum in: J Cataract Refract Surg. 1990;16:528.
5. Olsen T., “The Olsen formula”. In: Shammas HJ, ed, Intraocular Lens Power Calculations. Thorofare, NJ, Slack, 2004; 27 -40.
6. Canovas C., Artal P., “Customized eye models for determining optimized intraocular lenses power”. Biomed. Opt. Express 2011;2:1649-1662.

Имплантат картасы және пациенттерге арналған электрондық ақпараттық буклет

Имплантат картасы бұйым қаптамасына салынған. Бұл картаны пациентке беріп, оны имплантация фактісін растайтын құжат ретінде сақтауды және кейін бақылауда болатын әрбір офтальмологқа көрсетуді тапсыру қажет. Сонымен қатар тиісті жағдайларда имплантацияланатын бұйым туралы ақпарат пациентке интернетте орналастырылған пациенттерге арналған ақпараттық буклетте берілуі тиіс. Заңнамаға сәйкес талап етілетін елдерде пациенттерге арналған ақпараттық буклет мына интернет-сілтеме бойынша электрондық түрде қолжетімді: ic.jnjmedicaldevices.com. Бұл интернет-сілтеме имплантат картасында да көрсетілген.

Төменде медициналық қызмет көрсетушінің имплантат картасын толтыру жөніндегі нұсқаулығы берілген:

1. Пациенттің аты-жөнін немесе пациент идентификаторын көрсетіңіз.
2. Имплантация күнін көрсетіңіз.
3. Медициналық ұйымның атауын немесе дәрігердің аты-жөнін және мекенжайын көрсетіңіз.
4. Имплантация аймағын «OD» *oculus dexter* (оң көз) немесе «OS» *oculus sinister* (сол көз) ретінде көрсетіңіз.
5. Бұйым түрі көрсетілген заттаңбаны (Device Type Label) жапсырыңыз.

8. Медициналық бұйымды пайдалану (күтіп ұстау) кезінде қажетті қосымша ақпарат

Клиникалық пайдасы

TECNIS Odyssey™ IOL афакияны түзетеді, сондай-ақ алыс, орташа және жақын қашықтықтарды қоса алғанда, қашықтықтардың бүкіл ауқымында қолайлы көруді қамтамасыз етеді және көзілдірікке тәуелділікті азайтады.
TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесінің көзделген клиникалық пайдасына тіліктің шағын өлшемі, **ИОЛ-ды имплантациялаудың қарапайымдылығы**, процедураның тиімділігі және микробтық ластану қаупінің төмендеуі жатады.

Функционалдық сипаттамалар

Бұйымның тиімділігі мен қауіпсіздігі клиникаға дейінгі зерттеулермен және клиникалық деректермен расталған және заманауи медициналық бұйымдардың сипаттамаларына сәйкес келеді. TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесі нұсқаулыққа сәйкес пайдаланылған кезде афакияны түзетуге арналған ИОЛ-ды бүктеуге және орнатуға мүмкіндік береді.

Пациентке арналған ақпарат

ИОЛ имплантациясы туралы шешім қабылданғанға дейін әрбір пациент ИОЛ-ға қатысты ақпарат алуы тиіс.

Қауіпсіздік және клиникалық сипаттамалар туралы жиынтық ақпарат (ЕО үшін)

Қауіпсіздік және клиникалық сипаттамалар туралы жиынтық ақпаратты мына сілтеме бойынша табуға болады (іске қосылғаннан кейін): https://ec.europa.eu/tools/eudamed

Утилизациялау туралы ақпарат

Қанмен, тіндермен және/немесе биологиялық сұйықтықтармен/заттармен ластанған кез келген бұйым ешқашан қайта пайдаланылмауы тиіс және медициналық ұйымның хаттамасына және қолданылатын жергілікті талаптарға сәйкес биологиялық қауіпті медициналық қалдық ретінде өңделуі тиіс.

Ақпарат беру

Жеткізу жүйесіне және/немесе линзаға байланысты деп негізді түрде есептеуге болатын және сипаты, ауырлық дәрежесі мен жиілігі алдын ала болжанбаған жағымсыз құбылыстар және/немесе көру үшін ықтимал қауіпті асқынулар Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясына хабарлау қажет. ИОЛ имплантациясының, әсіресе жас пациенттердегі ықтимал ұзақ

мерзімді әсерлерін, құжаттау үшін барлық хирургтерден осындай ақпаратты ұсынуды сұраймыз.
Дәрігерлер ұқсас бұйымдарға қатысты туындайтын немесе ықтимал проблемаларды анықтауға жәрдемдесу үшін осындай құбылыстар туралы хабарлауы тиіс. Мұндай проблемалар тауардың нақты партиясына байланысты болуы немесе осы бұйымдармен не жалпы ИОЛ-мен байланысты ұзақ мерзімді мәселелер туралы куәландыруы мүмкін.




Елеулі оқиғалар туралы хабарлау
Еуропалық Одақтағы және нормативтік реттеу жүйесі ұқсас елдердегі пациенттерге, пайдаланушыларға және үшінші тұлғаларға арналған ақпарат: егер осы бұйымды пайдалану кезінде немесе оны пайдалану нәтижесінде елеулі оқиға орын алса, бұл туралы Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясына және/немесе оның уәкілетті өкіліне, сондай-ақ еліңіздің мемлекеттік органына хабарлаңыз.

Жеткізілу түрі
Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының ИОЛ-дары стерильді түрде, TECNIS SIMPLICITY™ жеткізу жүйесіне алдын ала жүктелген күйде, бір қабатты асептикалық тасымалдау пакетінде жеткізіледі. Бір қабатты асептикалық тасымалдау пакеті этилен тотығымен стерилизацияланған. Оны тек стерильді жағдайларда ашу керек. Пакет пен бұйым заттаңбалары сақтауға арналған қаптамаға салынған. Пакеттің сыртқы беттері стерильді емес. Ұсынылатын сақтау температурасы — 25 °C (77 °F).

Қайтару/ауыстыру тәртібі
Қайтару немесе ауыстыру мәселелері бойынша Johnson & Johnson Surgical Vision, Inc. компаниясының жергілікті өкілдігіне хабарласыңыз. Линзаны және/немесе жеткізу жүйесін қайтарған кезде оларды нақты таңбалап, қайтару себебін көрсетіңіз. Қажет болған жағдайда қайтарылатын биологиялық қауіптілік белгісімен таңбалаңыз. Линзаны және/немесе жеткізу жүйесін қайта стерилизациялауға әрекет жасамаңыз.

Символдар және олардың атаулары (түсіндірмесі)

СИМВОЛЫ	АТАУЫ (ТҮСІНДІРМЕСІ)
	Этилен тотығымен стерилизациялау
	Қайта қолдануға тыйым салынады
	Дейін пайдалану (ЖЖЖЖ-АА-КК: жыл-ай-күн)
	Қолдану жөніндегі нұсқаулықты немесе электрондық қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз
	Қайта стерилизациялауға болмайды
	Дайындаушы
	Дайындалған ел (US: Америка Құрама Штаттары). Символдың жанында дайындалған күні көрсетіледі (ЖЖЖЖ-АА-КК: жыл-ай-күн).
	Дайындалған ел (NL: Нидерланд). Символдың жанында дайындалған күні көрсетіледі (ЖЖЖЖ-АА-КК: жыл-ай-күн).
	Еуропалық қоғамдастықтағы / Еуропалық Одақтағы уәкілетті өкілі
	Импорттаушы
	Еуропалық қоғамдастық / Еуропалық Одақ

	Температуралық ауқымы
	Қаптама зақымдалған болса, пайдаланбаңыз және қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз
	Күн сәулесінің әсеріне жол бермеңіз
	Каталог бойынша нөмірі
	Сериялық нөмірі
	Медициналық бұйым
	Қаптама бірлігі
	Осы жерден ашыңыз
	Абайлаңыз
	Бұйымның бірегей идентификаторы
	Ішкі қорғаныш қаптамасы бар бір стерильді бөгет жүйесі
	Диоптриялар
	Жалпы диаметрі

	Корпус диаметрі
	Күні
	Пациенттерге арналған интернеттегі ақпарат
	Медициналық орталық немесе дәрігер
	Пациент идентификаторы
	ИОЛ имплантациясы аймағы (OD — оң көз | OS — сол көз)
	1–10 минут (ең аз уақыт: 1 минут | ең көп уақыт: 10 минут)

Өндірілген орны (production site) қорап заттаңбасында көрсетілген.

Өндірушінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
Джонсон & Джонсон Серджикал Вижн, Инк.
31 Technology Drive, Suite 200, Irvine, CA 92618, USA
Тел: + 1(800) 511 09 11

Өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы уәкілетті өкілінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Спектрум Вижн» ЖШС
Қазақстан, Алматы облысы, Алматы,

50016, Райымбек даңғылы, 169 А
Тел: +7 (727) 279-01-03
+7 (727) 233-07-36

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):

«Спектрум Вижн » ЖШС
Қазақстан, Алматы облысы, Алматы,
50016, Райымбек даңғылы, 169 А
Тел: +7 (727) 279-01-03
+7 (727) 233-07-36

Медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралуы

ХХ.ХХ.ХХХХ

Инструкция
по применению медицинского изделия

1. Наименование медицинского изделия

Линза интраокулярная TECNIS Odyssey™ с системой доставки TECNIS SIMPLICITY™, модель DRN00V

2. Состав и описание медицинского изделия

Линза интраокулярная TECNIS Odyssey™ с системой доставки TECNIS SIMPLICITY™, модель DRN00V, включает в себя TECNIS Odyssey™ IOL — интраокулярную линзу (ИОЛ) с фильтром ультрафиолетового (УФ) и фиолетового света, имплантируемую в заднюю камеру глаза. Данная ИОЛ предназначена для обеспечения непрерывного поля зрения высокого качества во всем диапазоне расстояний, в том числе на дальнем, среднем и ближнем расстояниях, и уменьшения зависимости от очков. Данная ИОЛ предназначена для размещения в капсуле хрусталика, где выполняет оптическую функцию естественного хрусталика глаза. Двояковыпуклая оптическая часть ИОЛ изготовлена из мягкого акрилового материала с добавлением UVAM (дополнительного материала, поглощающего УФ-излучение) и запатентованного хромофора, фильтрующего фиолетовое излучение, который уменьшает пропускание света с длиной волн фиолетового спектра.

В ИОЛ используется запатентованная асферическая оптическая часть, разработанная с применением технологии волнового фронта. Квадратная задняя кромка обеспечивает 360-градусный барьер. Кромка оптической зоны матирована, что позволяет уменьшить возможные краевые блики. Оптическая часть ИОЛ сзади имеет запатентованную ахроматичную дифракционную поверхность, которая позволяет корректировать хроматическую аберрацию для улучшения контрастной чувствительности и обеспечивает поле зрения высокого качества во всем диапазоне расстояний. Дифракционная поверхность данной ИОЛ позволяет достигать высоких значений остроты зрения на всех расстояниях и обеспечивает непрерывное поле зрения в диапазоне расстояний от дальних до ближних, что приводит к уменьшению зависимости от очков. Эффективность данной ИОЛ не зависит от размера зрачка при любом освещении. Способность к аккомодации при этом не восстанавливается.

